

Көлемі шағын осы мақалада қасиетті Нұра жерінен шыққан, әлемге әйгілі болмаса да, білімділер санатына жататын, ғалым, ақын Бүркіт Ысқақов туралы оқырман қауымның, әсіресе болашағымыз жастардың есінде жүрсін деген ниетпен өз пікір-болжамымды ортаға салмақпын. Қазақтың ұлы перзенті, ақыны Ахмет Байтұрсынов: «Мағжанның (М. Жұмабаев) ақындығын сынауға біліміміз, күшіміз кеміл жетеді деп айта алмаймыз, толықсынау үшін оның алды-артын орап, өрісін арылтып шығарлық сегіз қырлы негізді білім керек», — деп айтқанындай, мен жерлесіміздің творчествосына егжей-тегжейіне дейін талдау жасап беруге шамам келмейді, алға қойған мақсатым тек өзімнің толғанған ойымды оқырман қауымға газет арқылы айтып жеткізу. Өйткені мен ақын да, сыншы да емеспін, тек қана әдебиетті сүйіп оқитын, жақсы көретін азаматтардың бірімін.

Өрбір ақын мен жазушының шығармаларын жан жүрегімен сезініп, түсінетін оқырмандары болуға тиіс. Мұндайда мәселені оқырман талғамы, түсінік өресі шектейтіні анық, ал оның жақсы ықыласы — ақын-жазушы шығармаларының еленуі, тіпті құндылығы деп айтуға болады. Кешегі зұламат заманның жазықсыз құрбаны болған, алғашқы мемлекет қайраткерлерінің бірі. Ораз Исаев: «ақын өлеңінде тек от болсын, онсыз өлең жүректі жылыта алмайды. Оның үстіне уытты болсын. Егер өткір тілі болмаса, онда да өлең мылқау. Мылқау өлеңмен қайда барасың», — деген екен.

Әлемдік әдебиеттануда өлең таңдауға ыңғайлы бір термин бар: лирикалық кейіпкер. Бір көрнекті ақынымыздан лириканы қазақша не дейді деп сұрағанда: «жүректің нәзік қылын шертетін өлеңді лирика дейді», — деп жауап берген екен. Оның негізгі шын мәні осы ұғымға саяды. Міне сондай лирик ақынымыздың бірі, атақты жерлесіміз Бүркіт Ысқақов.

«Тасқын басы — тамшы» деген халқымызда ұлағатты сөз бар. Әлем әдебиет тасқыны болса, соның бір көрнекті тамшысы тәрізді, табиғаттан берілген ақындық дарындылығымен көзге түскен, әдебиетімізде өзіндік орны бар абзал ағамыз осы Бүкең.

Ақындардың даралығы — оның нақты шығармасы ғой. Бүкеңнің сондай елеулі шығармаларының бірі «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» атты өлеңмен жазылған ертектің негізіне құрылған шығарма. Кейіпкерлері: Айдаһар, Қораз, Қошқар, Түлкі, Маса, Есек, Елік, Бала Қарлығаш. Осы шығарманың негізіне сүйене отырып Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген өнер қайраткері мемлекеттік сыйлықтың иегері Әбен Әбжанұлы Хайдаров «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» мультфильмін 1966 жылы жасап шығарған. Бұл — қазақ киноөнері тарихындағы тұңғыш мультфильм болатын. Осы фильм бұрынғы бүкілодақтық байқауларда бірнеше жүлделі орындарға ие болған, ал 1975 жылы Американың Нью-Йорк қаласында өткен халықаралық байсауда да сыйлық алған екен. Бұл фильм сюжетінің жас ұрпақтар үшін тәрбиелік мәні зор.

Менің Бүкеңді алғаш рет көруім Ұлы Отан соғысы басталар алдындағы жылдары Алғабас бастауыш мектебін ойдағыдай бітіріп,

бесінші класқа Қазақ орта мектебіне оқуға келгенімде, ол кісі жоғары класта оқиды екен және мектептің қабырға газетін басқарады екен. Сол газетте оның сықақ өлеңдері, әзіл шумақтары шығып тұратын да, біз соларды жаттап алып, әр жерлерде айтып жүруші едік. Осы алғашқы өлеңдер Бүкеңнің үлкен ақындық жолына деген ұмтылысы екен. Сол мектеп қабырғасында көргенім болмаса, ол кісімен дәмдес, бірге жүріп, сұхбаттас болған емеспін, тек өлең-жырларына тәнті адамдардың бірімін.

Бір ерекше айта кетерлік жай, Бүркіт Ысқақов кешегі тоталитарлық уақыттың жүйесіне аса құлап бас имеген, қандай да болмасын қиыншылыққа төзімділікпен

Дарынды ақын

қарап, мойымаған, келешекті болжай білген абзал азамат. Шындықты көзіне елестете тура бетке айтқан адам қандай «бастыққа» ұнаған, міне сол бірбеткейлігі үшін ол өмірде көп қиыншылықтар көрген. Ол жиырма жетіге толмаған жасында 1951 жылы сталиндік репрессияға ұшырап, жазықтан жазықсыз «шет мемлекеттің тыңшысы» деген жалған атақ тағылып, абақтыға жабылған, содан 1956 жышы ғана толық ақталып шығады. Міне, сол абақтыда жүріп жазған өлеңдері кейін «Тас еденнің ызғары» деген өлеңдер жинағы араға отыз жылдан артық уақыт салып 1987 жылы ғана жарық көрді. Ол туралы академик Мұхаметжан Қаратаев былай дейді: «Бүркіт Ысқақовтың «Тас еденнің ызғары» атты өлеңдер циклінің қазақ поэзиясынан алатын орны ерекше. Белгілі ақындарымыз Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіровтердің абақтыда отырып жазған өлеңдері бізге жеткен жоқ.

Міне, сол олқылықтың орнын, олардың ақын ұрпағы — Бүркіт Ысқақовтың жырлары, толықтырғандай. Оның бұл өлеңдерінен Сәкеннің сыры, Бейімбеттің мұңы, Ілиястың үні естілгендей болады. 1951—1956 жылдары Бүркіт Ысқақов та репрессияға ұшырап, тамұқтың тауқыметін көріп қайтқанды. Оның өлеңдерінде көркем әдебиеттің, әсіресе поэзияның табиғатына тән ең қажет қасиеттері сақталған». Бұл, әрине, әділ және дәл айтылған пікір.

Ал, профессор Р. Бердібаев: Бүркіт Ысқақов бұл өлеңдерімен қазақ поэзиясында бұрын болмаған «Тұтқын жыры», «Лагерь өлеңдері» деп аталатын поэзияның жаңа түрін, жаңа жанрын бастады. Сондықтан бұл өлеңдер қазақ поэзиясына қосылған жаңа бет болып табылады», — деп бағалайды.

Бүкеңнің осы тақырыпта жазылған шығармаларын оқып отырып, өмірдің ұсақ-түйек тіршілігі үшін азаматтық ар-ұяттан безіп, адамгершіліктен жұрдай болып, өзіндік дүниеге көзқарасы жоқтар қаншама деп ойға қаласыз. Қазіргі өз еркімізді, тәуелсіздігімізді алған заманда батырлар да, ақылдылар да, өжеттер де, беттілер де көп, ал кеше ғана өткен тоталитарлық заманда өз пікірін, өз ойын бүкпей айтушылар некен-саяқ болғаны бірімізге белгілі еді ғой.

Қатал заманның ағысына қарсы тұру-адамдық қасиеті жоғары, зиялы азаматтардың ғана қолынан келгені аян.

Енді Бүркіт Ысқақовтың шығармаларындағы бірер өлеңдерге көңіл аударайық. Мысалы, «Декабристер дауысы» деген өлеңінде декабрист М. П. Бестужев-Рюминнің сөзі арқылы өзінің ойын былай өрнектейді: «Қалып ек қорғап Отанды, Етіп ек азат Батысты. Елді жайлап қаталдық, Көп жағдәй елде шатасты. Патшалық байлап аяқты, Қалдық артта көп елден. Албырт едім, жас едім, Осылар бізді әкелген».

Осы жолдарды оқып отырғанда апыр-ау мынау өзіміздің қыршын кеткен бауырымыз Қайрат Рысқұлбеков



емес пе деп қалдым. Айы да, бәрі де дәл келіп тұр. Ана тіліміз жөнінде жазылған «Бір, білгішке» деген өлеңіне назар салайық.

«Өз тілінде оқымайды кітапты, Оны өзінше менсінбейтін сияқты.

Қайдан білсін, сөйтіп жүріп «білгіштің» Өрбір жерде боп жүргенін ұятты».

Әлі де болса арамызда осындайлар бары анық қой. Ал «Бір наданға» деген өлеңін оқып көрейік.

«Біlmесе де Ганнибалды, Бонапартты, Мамайды, Ұқпаса да Шекспирді,

Толстойды, Абайды Болмаса дв саясаттан, заңнан, пәннен хабары, Өйтсе де өзін дүниенің тұтқасына санайды».

Міне ақын өлеңдерін тартымды сюжетке құрып, өзіндік пікір айтып, оқырманына ой тастайды.

Бір шумақтан ғана туратын шымшыма өлеңінде ақын былай дейді:

«Бұл өмірде байқап тұрсаң жақсы да көп,

жаман да көп, Бөрінен де өзін жақсы санайтұғын адам көп. Қайдан білсін, соларының көпшілігі жүргенін, Қолдау менен қолпаштаудың арқасында адам боп».

Артық та, кем де айтылмаған. Кешегі күні қолдаушысы мен қолпаштаушысы бар «бастықсымақтар» өздерін бөрінен де жоғары ұстады, халықпен санаспады. Тіпті 50-ші жылдардың өзінде ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов: «Кейбіреулердің елім болсын деп емес, өзім болсам деп жалақтаған мінездерін көрген сайын қиналамын» деген екен. Бүркіттің де жазғаны осыған саяды.

Ақынның жас бөбектерге арнап жазған өлеңдері ұшан-теңіз. Мысалы, осы кешегі күнге дейін айтылып келген «Пионерлер жырының» сөзін жазған осы кісі. Бүркіттің аудармашылық еңбегі де бір төбе. Жазушы Янның «Чингис хан», «Бату» деген романдары ақынның аудармасы арқылы қазақ оқырмандарының қолына тиді. Бұл кітаптар 40-шы жылдардың аяғы мен 50-ші жылдардың орта кезінде басылып шыққан.

Бүркіттің тағы бір ерекшелігі, өзімен тай-құлындай бірге өскен жолдастары Құдыман Халықбергеновті, Дәулетбек Әкімбековті, Жүсіп Сүлейменовті, Жанайдар Әубәкіровті, Аққош-

қарды еске алып, қиыншылық тұрмысты басынан өткізіп жүргенде жазған «Қайран Нұра» деген өлеңінде олар туралы тебірене жазады. Бұл, әрине, шынайы достықтың белгісі.

Бүркіт Ысқақовтың жалпы шығармалары жөнінде бірлі-жарым пікір айтылғаны болмаса, жете зерттелмеген, әдебиетімізде жоғары бағасын әлі де болса ала алмай, шеттеу қалғанға ұқсайды. Сондықтан да келешекте Бүркіт Ысқақов ақындарымыздың арасынан өзінің лайықты орнына ие болады деген үміттеміз.

Ұстаздар қауымына айтарым, Нұра ақын-жазушыларының шығармаларын, атақты азаматтарын берілген оқулықтардың бағдарламасынан тыс, сабақта жас



ұрпақтарға таныстырып отырса деймін. Олар ақындар: Қайып Айнабеков, Жолдыкей Нұрмағанбетов, Қабыкен Мұқышев, Бүркіт Ысқақов, Дәулетбек Әкімбеков, Зейнікен Жүнісов, Махмет Теміров, жазушылар: Сәйділ Талжанов, Қанат Жойқынбеков, ғалымдар: Кәрім Мыңбаев, Рабхат, Ешкеев Сыздық Мусин, Жанбек, Тойбек Әубәкіровтер, Ерден Қажыбеков, Бейбіт Мамыраев және басқалары.

Осыған байланысты айтайын дегенім, мысалы, облыстарда, аудандарда, қала берді ауылдарда өздерінен шыққан зиялы азаматтарға құрмет көрсетіліп жатады. Сондықтан біз де өзіміздің атақты-атақты ағаларымызды құрметтейік, есімдерін халық арасында үнемі сақтайық. Мысалы, ғалым Көрім Мыңбаевтың аты осы уақытқа дейін ауданымыздағы бірде бір ауылға, тіпті бірде бір көшеге берілмей келеді. Ал Алматы облысындағы ғылыми-зерттеу станциясына, ауылға және астананың бір көшесіне атақты жерлесіміз Көрім Мыңбаевтың есімі берілген. Ойланатын жай. «Ердің атын ел шығарады, елдің атын ер шығарады» деген атам қазақта сөз бар емес пе? Осы айтылған зиялы азаматтарымыздың аттары ел арасында сақталып, олармен басқа жұрт та, әсіресе жастар таныс болсын.

Уақыт деген зымырап өтіп жатыр ғой, сондықтан да Нұра халқы мен басшыларына айтайын дегенім — 1994 жылы Бүркіт Ысқақовтың туғанына 70 жыл, ал 1996 жылы Көрім Мыңбаев пен Сәйділ Омарұлы Талжановтың туғанына 90 жыл толады, міне осыған арналған мерейтойлар ауданымызда болуы қажет және олардың тәрбиелік мәні де зор ғой. Осыны ұмытпайық.

Мен өзім ақын емеспін, дегенмен осы шағын мақаламды өлең шумағымен аяқтасам деп отырмын. Бүркіті едің айтарлықтай

Нұраның, Өділдік пен шындық — алға ұстаған ұраның Сенде бар еді өткір тіл мен ұшқыр ой, Білуші едің біреудей-ақ сөз жанын. Сен туралы көп ойландым, Жазбақ болып мақала. Жүрегіммен шын толғандым, Есте бол деп жөн аға.

М. ӘСКЕЕВ,
жоғары дәрежелі ұстаз.
Чкалов атындағы совхоз.